

**"Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 855 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін құқық қорғау органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын келісу;"

19-тармақта:

мынадай мазмұндағы 32-1) және 32-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-1) прокуратура органдары жүйесі қызметкерлерін жоспардан тыс аттестаттауды өткізу тәртібін, кезеңдерін және мерзімдерін айқындайды;

32-2) қатардағы, кіші, орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар орналасуға жататын лауазымдарды және осы лауазымдарға сәйкес келетін арнаулы атақтарды немесе сыныптық шендерді айқындайды;"

37) тармақшада:

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметке кандидаттың кәсіптік құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін айқындау және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін (цифрлық рейтингін) есептеу тәртібі мен әдістерін;"

он екінші, жиырмасыншы және жиырма екінші абзацтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырма сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"құқық қорғау органдарының басшыларымен бірлесіп, психологиялық-әлеуметтанушылық зерттеу жүргізудің тәртібі мен әдістерін;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК